



## 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

**РҚАО-ның ескертуі: P021429 қаулысын қараңыз.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1429 қаулысына  
16-қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі

-----  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі  
001 "Әкімшілік шығындар"  
республикалық бюджеттік бағдарламасының  
2003 жылға арналған  
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 322350 мың теңге (үш жүз жиырма екі миллион үш жүз елу мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: оған жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі Аппаратының қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Аппаратын ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----  
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламалардың!Бағдарламаны !Иске ! Жауапты  
N !дар.!бағ.!(кіші бағдарла. !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындау.  
!лама!дар.!малардың) атауы !іске асыру жөнінде.!мер. ! шылар  
!ның !лама! !гі іс-шаралар !зімі !  
!коды!ның ! ! ! !  
! !коды! ! ! !

-----  
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----  
1 001 Әкімшілік шығындар  
001 Орталық органның Жүктелген функция. Жыл Қазақстан  
аппараты ларды орындау мақ. бойы Республика.  
сатында Қазақстан сы Премьер-  
Республикасының Министрі.  
Премьер-Министрі нің Кең.  
Кеңесінің аппара. сесі  
тын бекітілген 307  
бірлік штат саны  
лимитіне сәйкес  
ұстау

-----  
7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелген функциялардың сапалы әрі уақытылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1429 қаулысына  
17-қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі

-----  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**010 "Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының**

2003 жылға арналған

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1128 мың теңге (бір миллион бір жүз жиырма сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы ; "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі қызметкерлерінің кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыру, оның ішінде мемлекеттік тілді оқыту және мемлекеттік қызметшілерді оқыту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметшілердің кәсібилік және құзыреттілік қағидатын іске асыруға жәрдемдесу, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттырудың және білімін жаңартудың үздіксіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін тиімді орындауы үшін қазіргі заманғы талаптарға сәйкес олардың қайта даярлау (мамандығын қайта өзгерту) мен біліктілігін арттыру құқықтарын қанағаттандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----  
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламалардың!Бағдарламаны !Иске ! Жауапты  
N !дар.!бағ.!(кіші бағдарла. !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындау.  
!лама!дар.!малардың) атауы !іске асыру жөнінде.!мер. ! шылар  
!ның !лама! !гі іс-шаралар !зімі !  
!коды!ның ! ! ! !  
! !коды! ! ! !

-----  
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7  
-----

1 010 Кадрлардың білікті.

лігін арттыру және  
оларды қайта даяр.

лау

005 Мемлекеттік қыз. Саны 45 адам бола. Жыл Қазақстан  
метшілердің бі. тын мемлекеттік бойы Республика.

ліктілігін арт. қызметшілерді оқы. сы Премьер-  
тыру тудың бекітілген Министрі.

жоспар-кестесіне нің Кең.

сәйкес қысқа мер. сесі

зімді семинарлар

-----  
7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі мемлекеттік қызметшілерінің біліктілігін арттыру, олардың жаңа білім алуы және оларды практикалық қызметте қолдану мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1429 қаулысына  
18-қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

-----  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**032 "Литерлік рейстерді қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 46380 мың теңге (қырық алты миллион үш жүз сексен мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары жұмысының ұтқырлығы мен жеделдігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: литерлік рейстерді ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарларының ерекше маңызды ұшуларын қамтамасыз ету және орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----  
P/c!Бағ.!Кіші!Бағдарламалардың!Бағдарламаны !ске ! Жауапты  
N !дар.!бағ.!(кіші бағдарла. !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындау.  
!лама!дар.!малардың) атауы !ске асыру жөнінде.!мер. ! шылар  
!ның !лама! !гі іс-шаралар !зімі !  
!коды!ның ! ! ! !  
! !коды! ! ! !  
-----

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7  
-----

1 032 Литерлік рејстер. "Мемлекеттік сатып Жыл Қазақстан  
ді қамтамасыз алу туралы" Қазақ. бойы Республика.  
ету стан Республикасы. сы Премьер-  
ның 2002 жылғы 16 Министрі.  
мамырдағы N 321-II нің Кең.  
Заңы 3-тарауының сесі  
21-бабына сәйкес,  
жұмыс жоспарына сай  
Қазақстан Республи.  
касының Премьер-  
Министрі орынбасар.  
ларының литерлік  
рејстеріне қызмет.  
тер көрсетуге ар.  
налған саны 17 рејс.  
ке шарт жасасу.  
-----

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан  
Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары әуе тасымалдарын қамтамасыз  
етудің құпиялылығы мен қауіпсіздігі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1429 қаулысына  
19-қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі  
-----

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**033** "Мемлекеттік органдарда ақпаратты техникалық қорғауды ұйымдастыру"  
республикалық бюджеттік бағдарламасының

2003 жылға арналған

## ПАСПОРТЫ

1. Құны: 7105 мың теңге (жеті миллион бір жүз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 370қ Жарлығы; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік мекемесінің жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесі Басшысының 2002 жылғы 11 қазандағы N 25-1-97 бұйрығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпиялардың техникалық қорғалуын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----  
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламалардың!Бағдарламаны !ске ! Жауапты  
N !дар.!бағ.!(кіші бағдарла. !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындау.  
!лама!дар.!малардың) атауы !іске асыру жөнінде.!мер. ! шылар  
!ның !лама! !гі іс-шаралар !зімі !  
!коды!ның ! ! ! !  
! !коды! ! ! !

-----  
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7  
-----

1 033 Мемлекеттік орган.

дарда ақпараттың

техникалық қорға.

луын ұйымдастыру

030 Мемлекеттік ор. Ақпаратты техника. Жыл Қазақстан

гандарда ақпарат. лық қорғауды ұйым. бойы Республика.

ты техникалық дастыру жөніндегі сы Премьер-

қорғауды ұйымдас. орталықты 14 бір. Министрі.

тыру жөніндегі лік санында бекі. нің Кең.

орталық тілген штат саны сесі

лимитінің шегінде

ұстау

-----  
7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ақпарат таралуының техникалық арналарын уақтылы анықтау. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің толық қорғалуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1429 қаулысына  
20-қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі

-----  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**034** "Арнаулы байланыспен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 152159 мың теңге (бір жүз елу екі миллион бір жүз елу тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы Заңының 15-бабы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 12 тамыздағы N 668қ қаулысы; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының 2002 жылғы 11 қазандағы N 25-1-94 бұйрығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мақсатты түпкі пунктке дейін хат-хабарларды мерзімінде жеткізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік басқару органдарының, министрліктердің, ведомстволар мен басқа да

мемлекеттік органдардың ерекше маңызды, өте құпия, құпия, үкіметтік, дипломатиялық хат-хабарларын, бағалы жөнелтімдері мен жүктерін жедел жеткізу әрі олардың сақталуын қамтамасыз ету және арнаулы сипаттағы тапсырмаларды орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----  
P/c!Бағ.!Кіші!Бағдарламалардың!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты  
N !дар.!бағ.!(кіші бағдарла. !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындау.  
!лама!дар.!малардың) атауы !іске асыру жөнінде.!мер. ! шылар  
!ның !лама! !гі іс-шаралар !імі !  
!коды!ның ! ! ! !  
! !коды! ! ! !

-----  
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----  
1 034 Арнаулы байланыс.

пен қамтамасыз

ету

030 Фельдъегерлік Мемлекеттік фель. Жыл Қазақстан

қызмет дъегерлік қызметті бойы Республика.

штат саны 290 бір. сы Премьер-

лік мөлшеріндегі Министрі.

лимитінің шегінде нің Кең.

ұстау. сесі

740 мың бірлік са.

нында хат-хабарлар

жеткізу.

-----  
7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: осы бағдарламаны іске асыру кезінде 740 мың бірлік санында хат-хабарлар жөнелту күтіледі, тасымалданатын құпия және үкіметтік хат-хабарлардың 100% сақталуы мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Қызметтік пайдалану үшін

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

21-қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі

-----  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі



РҚАО-ның ескертуі: "Қызметтік пайдалану үшін" белгісімен 21-қосымша Деректер базасына енгізілмейді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1429 қаулысына  
22-қосымша

Ескерту. 22-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.06. N 150и қаулысымен .  
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

-----  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**036** "Мемлекеттік органдардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету"  
республикалық бюджеттік бағдарламасының

2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 10000 мың теңге (он миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 370қ Жарлығымен бекітілген мемлекеттік құпиялардың қорғалуын қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламасы; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы , Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 435 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік органдардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. <\*>

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----  
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламалардың!Бағдарламаны !іске ! Жауапты  
N !дар.!бағ.!(кіші бағдарла. !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындау.  
!лама!дар.!малардың) атауы !іске асыру жөнінде.!мер. ! шылар  
!ның !лама! !гі іс-шаралар !зімі !  
!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 036 Қазақстан Респу. 8 бірлік бекітілген Жыл Қазақстан  
бликасы мемлекет. штат санының лимиті бойы Республика.  
тік органдарының шегінде Ақпараттық сы Премьер-  
ақпараттық қауіп. қауіпсіздік саласында Министрі.  
сіздігін қамтама. мамандар даярлау нің Кең.  
сыз ету және олардың білік- сесі  
тілігін арттыру ор-  
талығын құру және  
ұстау. Мыналарды  
сатып алу: арнайы  
автокөлік - 1 бірлік,  
жиһаз (басшының каби-  
неті) - 1 жиынтық,  
көшіру аппараты - 1  
бірлік, дербес компь-  
ютер - 8 бірлік, ағынды  
принтер - 1 бірлік, ла-  
зерлік принтер - 2  
бірлік, түрлі-түсті  
телевизор - 2 бірлік,  
бейне магнитофон - 1  
бірлік, сейф - 2 бірлік,  
кондиционер - 1 бірлік. <\*> -----

. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ақпараттық қауіпсіздік  
саласындағы мамандардың кәсіби деңгейін арттыру. <\*>

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы "29" желтоқсандағы  
N 1429 қаулысына  
23-қосымша

**Ескерту. 23-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.06. N 150и қаулысымен .**  
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

-----  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

600 "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесін компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған

## ПАСПОРТЫ

1. Құны: 30000 мың теңге (отыз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесін компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен, бейне және фотожабдықтармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі үшін компьютерлік және ұйымдастыру техникасын, бейне және фотожабдықтар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----  
Р/с!Бағ.!Кіші!Бағдарламалардың!Бағдарламаны !Иске ! Жауапты  
N !дар.!бағ.!(кіші бағдарла. !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындау.  
!лама!дар.!малардың) атауы !іске асыру жөнінде.!мер. ! шылар  
!ның !лама! !гі іс-шаралар !зімі !  
!коды!ның ! ! ! !  
! !коды! ! ! !  
-----

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7  
-----

1 600 Қазақстан Респу. Мыналарды сатып Жыл Қазақстан  
бликасы Премьер- алу: дербес компь- бойы Республика.  
Министрінің Кең. ютер - 20 бірлік, сы Премьер-  
сесін компьютер. лазерлік принтер Министрі.  
лік және ұйымдас. - 20 бірлік, сканер нің Кең.  
тыру техникасы. - 4 бірлік, цифрлық сесі  
мен қамтамасыз диктофон - 10  
ету бірлік, түрлі-түсті  
телевизор - 9 бірлік,  
бейне магнитофон - 4  
бірлік, факсимильді

аппарат - 3 бірлік,  
көшіру аппараты - 4  
бірлік, цифрлық маг-  
нитофон - 1 бірлік,  
бейнежабдық - 1 жиынтық,  
фотожабдық - 1 жиынтық,  
қағаз жоятын машина -  
8 бірлік. <\*> -----

. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: сұрау салуды орындау жөніндегі жұмыстарды автоматтандыру (қажетті ақпаратты жеделдетіп іздеу және беру), Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін жария ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК